



**"Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 07/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 3062 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 30/10 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 06.08.2015 № 30/10 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы №410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органның үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығын басшылыққа ала отырып және Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы №04/03 "Мемлекеттік мекемелерді қайта құру туралы" қаулысын орындау мақсатында, Балқаш қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Айдын Боранбайұлы Қапашевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Балқаш қаласының әкімі*

*А. Райымбеков*

Балқаш қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы 17 ақпандағы № 07/03  
қаулысымен бекітілген

**"Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің шегінде ауыл шаруашылығы саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Уалиханов көшесі, 5 үй, пошталық индексі: 100300.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:  
мемлекеттік тілде – "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі;  
орыс тілінде – государственное учреждение "Отдел сельского хозяйства  
г о р о д а Б а л х а ш " .

10. Осы Ереже "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Балқаш қаласының ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер, "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы ауыл шаруашылығы саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты, мемлекеттік және заңнамада белінген тәртібінде басқа да бағдарламаларды қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады.

14. М і н д е т т е р і :

- 1) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау;
- 2) заңнамамен жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

15. Ф у н к ц и я л а р ы :

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

2) елді мекендерде ауыл шаруашылығы малын ұстау мен жаюдың ережелерін ә з і р л е у ;

3) агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүргізу және оны облыстың жергілікті атқарушы органына (әкімдігіне) б е р у ;

4) тиісті өңірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және облыстың жергілікті атқарушы органына (әкімдігіне) есептілік ұсыну;

5) агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекеттік техникалық инспекцияны ж ү з е г е а с ы р у ;

6) тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру;

7) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы,

мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру ;

8) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу ;

9) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып, тіркеу, қайта тіркеу ;

10) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу ;

11) тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерге, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну ;

12) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден асыл тұқымды мал туралы деректер жинауды жүзеге асыру ;

13) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу үшін деректер жинауды жүзеге асыру ;

14) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден және асыл тұқымды малы бар жеке және заңды тұлғалардан бекітілген нысандар бойынша есептер қабылдау ;

15) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша бағалау туралы деректерді қабылдап, қорыту және оның нәтижелері туралы мүдделі адамдарды хабардар ету ;

16) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің асыл тұқымдық өнімді (материалды) жыл сайынғы өткізу көлемдеріне өтінімдер қабылдауды жүзеге асыру ;

17) асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал орталығы, дистрибьютерлік орталық, асыл тұқымдық репродуктор және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палата беретін асыл тұқымдық куәліктердің есебін жүргізу;

18) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;

19) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;

20) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлеу;

21) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;

22) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

23) қатынаста әкімгер болып табылатын бюджеттік бағдарламалар нәтижесіне жету және орындау, жаңару, жоспарлау;

24) өз құзырындағы іс-шараларды іске асыру, іс-шара жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына қарсы әрекет жасау, сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша іс-шаралар жоспарын қалалық және аумақтық міндетті орындауда қамтамасыз ету;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

#### 16. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз функцияларын орындау мақсатында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және басқа да ұйымдардан қажетті құжаттарды, ақпараттарды сұрау және алу;

2) өз құзырына жататын мәселелерді шешуді қарау жөнінде қала әкімі мен әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

3) өз өкілеттігінің шеңберінде халықаралық көрмелерге, жәрмеңкелерге, аукциондарға, симпозиумдар мен өзге шараларды өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға қатысу;

4) Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы заңдары бұзылған жағдайда сотқа талап қою;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен ұсынылған басқа да құқықтарды пайдаланады.

### 3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінде басшылықты, "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Балқаш қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, нұсқаулар шығарады, келісім-шарттарды жасайды;

2) "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, олардың міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

3) заңмен белгіленген тәртіппен "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) қолданыстағы заңдарға сәйкес барлық ұйымдарда және органдарда "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілі болып табылады;

5) өз құзыретінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және осы үшін жеке жауапкершілікті тартады;

6) құжаттардың орындалу барысын ұйымдастырады және бақылау жасайды;

7) қолданыстағы заңдарға сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада қарастырылған жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бекітілген мүлкі коммуналдық меншікке жатады.

22. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамада өзгеше көзделмесе, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру мен тарату**

23. "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ